

## ЖАҢА ДАНУ ШАРТТАРЫНДА ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА БАҒЫТТАР



### НОВЫЕ ВЫЗОВЫ В НАЦИОНАЛЬНОЙ СИСТЕМЕ ОБРАЗОВАНИЯ В УСЛОВИЯХ ГЛОБАЛИЗАЦИИ

ӘОЖ 371 (574)

#### ШЕКАРАСЫЗ ИНКЛЮЗИЯ

*Абдигалиева А. К. – педагогика ғылымдарының магистрі, «Қостанай облысы әкімдігінің білім басқармасы» ММ мектепке дейінгі және жалпы орта білім беру әдістемелік кабинеті инклюзивті және арнайы білім беру бөлімінің аға әдіскері.*

Мақалада жалпы білім беретін мектептерде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оқыту және тәрбиелеу үшін оларды қоғамға табысты кіріктіруге және әлеуметтендіруге бағытталған арнайы жағдайларды ұйымдастырудың өзекті мәселелері қарастырылады.

*Түйінді сөздер: инклюзивті білім беру, инклюзияны қолдау кабинеті, ресурстық орталық.*

Елімізде білім алу қажеттіліктері ерекше балаларды өзгелермен қатар толыққанды және қолжетімді оқыту жағдайларымен қамтамасыз етуге мүдделі инклюзивті білім беру ісі қарқынды дамып келеді. Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспарының басты міндеттерінің бірі еліміздегі инклюзивті білім беруді дамыту болып табылады. Жақында Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңына қол қойды [1].

Заң ерекше қажеттіліктері бар балаларға жағдай жасалмаған мектеп басшылары тарапынан жауапкершілікті көздейді. Ол сондай-ақ инклюзивті және арнайы білім берудің нормативтік құқықтық базасын жетілдіруге бағытталап, оны адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының қағидаттарына және мүгедектердің құқықтары туралы Конвенцияның ережелеріне сәйкес келтіруге мүмкіндік береді.

Бұдан басқа осы аталған заңда, білім беру саласында ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдарды өзін-өзі жетілдіру және білім берудің барлық деңгейлерінде өмір бойы оқуын жалғастыру үшін жағдайлармен қамтамасыз ету бөлігінде мемлекеттік кепілдіктер белгілеу көзделіп, психологиялық-педагогикалық қолдау қызметін қалыптастыру және ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдау үшін арнайы жағдайлар жасауды реттеу қарастырылған.

Білім алушының даму ерекшеліктеріне байланысты оқу бағдарламаларының вариативтілігін, икемділігін қамтамасыз ететін нормалар енгізілген. Бұл шараларды заңнамалық ресімдеу ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін сапалы инклюзивті білім алу мүмкіндіктерін кеңейтуге мүмкіндік береді.

Заң жобасымен төрт заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі: «Білім туралы», «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы», «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» және «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы».

Бүгінгі күні инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының мәртебесін анықтайтын және қызметін реттейтін, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды білім ұйымдарына жіберу тәртібін анықтайтын, кедергісіз орта құру және инклюзивті білім беру жағдайында білім беруді ұйымдастырудың бірқатар нормативтік құжаттар бар. Дегенмен, дамытудың келесі кезеңінде – инклюзивті білім беруді жан-жақты енгізу және озық үлгіні мектеп тәжірибесіне тарату, жаңа міндеттерді шешуді талап етеді.

Білім беру саласында енгізіліп жатқан реформалар, ең алдымен, еңбек нарығындағы жаһандық бәсекелестікке төтеп бере алатын құзиреттілігі жоғары кадрлық әлеуетке деген қажеттілікпен тікелей байланысты. Бәсекеге қабілетті балаларды қалыптастыруда басты үміт мұғалімдерге жүктеледі. Педагогтердің міндеті – еліміз үшін лайықты азаматтарды тәрбиелеу болып табылады.

Бүгінгі бала-ертеңгі азамат. Сол азаматты болашақ өмірге бейімдеу – білім беру ұйымдарының басты міндеті. Бұл міндетті іске асыру, ең алдымен, балалардың зияткерлік, әлеуметтік, физикалық, эмоционалды, психикалық қажеттіліктеріне қарамастан, білім алу үшін тең мүмкіндіктер жасауды білдіреді. Осындай қолайлы ортаны құру процесі көп қырлы және ол инфрақұрылымды құру, арнайы жабдықталу, оқу процесінің барлық қатысушылары – мектеп мұғалімдері, мамандары, ата-аналар мен балаларды даярлау шараларын қамтиды.

Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған білім мен ғылымды дамытудың

мемлекеттік бағдарламасы іске асыру аясында инклюзивті қоғамды дамыту үшін кең ауқымды іс-шаралар қарастырылған [2].

Мемлекеттік бағдарламаны іске асырудың бірінші кезеңінде ерекше қажеттіліктері бар балалар үшін инфрақұрылым құру мәселесін шешу міндеті қойылды – ол инклюзивті білім беретін балабақшаларға, жалпы мектептерге, колледждерге ақпараттық-кеңестік және оқу-әдістемелік қолдау көрсететін оңалту орталықтары мен инклюзивті білім беруді қолдау кабинеттерін ашу болып табылады.

Бүгінгі таңда өңірде ерекше білімге қажеттігі бар балаларға қолайлы кеңістік құру үшін инклюзивті білім берудің 2 ресурстық орталығы және инклюзивті білім беруді қолдаудың 4 кабинеті жұмыс істейді. Осы кабинеттердің ашылуы «Қамқорлық», «Болашақ», «Дара» қоры арасындағы ынтымақтастық келісім және «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қорының қолдауымен жүзеге асты. Облыстық білім басқармасы соңғы 4 жылдан бері бұл қорлармен ортақ мақсатта бірлескен жұмыстар жүргізуде.

Инклюзивті қолдау кабинеттерінде оқушылардың жан-жақты білім алуы мен дамуына жағдай жасалған. Нақтырақ айтқанда, заманауи көрнекі жабдықтар, ерекше балаларға арналған құралдар, бала санасына жылдам әсер ететін, олардың қабілетін жоғарылатуды қамтамасыз ететін оқу-әдістемелік материалдар, мамандандырылған жиһазбен жабдықталған. Мұндай кабинеттердің ашылуы ерекше қажеттіліктері бар және үйде оқытылатын балалар үшін жалпы білім беретін мектептегі оқуды барлық балалармен бірге қолайлы ортада бастауға мүмкіндік беріп қана қоймай, сонымен қатар өңірімізде инклюзивті білім беруді дамытып, инклюзия мәдениетін қалыптастыруға мүмкіндіктер жасады.

Мектептегі инклюзивті білім беруді қолдау кабинеті – бұл төрт аймақтан тұратын заманауи кеңістік. Атап айтқанда: ата-аналарға кеңес беру аймағы, баланың демалу аймағы, мұғалімдер мен мамандардың ұжымдық жұмыс аймағы, сонымен қатар жеке сабақтар өткізуге арналған аймақ. Кабинетте ерекше қажеттіліктері бар балаларға және олардың ата-аналарына (заңды өкілдеріне) көмек көрсетуге дайын тәжірибелі, білікті мамандар: әдіскер, педагог-ассистенттер, психологтар, дефектологтар, логопедтер жұмыс істейді [3,12 бет].

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 3 маусымдағы № 346 қаулысына енгізілген өзгерістер негізінде жалпы білім беретін мектептердің типтік штаттарына педагог-ассистент қызметі енгізілді [4]. Педагог-ассистент мінез-құлықтық, эмоционалдық және коммуникативтік ерекшеліктері салдарынан оқу процесіне өз бетінше қатыса алмайтын оқушыларға көмек көрсетеді. Жалпы білім беретін мектептердің оқушыларына педагог-ассистенттің қызметі психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялар қорытындысы мен ұсыныстары негізінде ұсынылады.

Педагог-ассистент қызметі келесі жағдайларда ұсынылуы мүмкін:

- оқушының сабақта тәртіп ережелерін орындай алмауы, партада отыра алмауы, сабақ уақытында орнынан тұрып, жүріп кетуі, мұғалімнің талаптарын орындамауы;

- оқушыға мұғалімнің тұрақты жеке көмегі мен қолдауы қажет болған кезде, сондай-ақ мұғалімнің нұсқаулары мен ауызша түсіндірмелерін қабылдауда немесе түсінуде қиындықтары болса;

- сабақта өзін-өзі ұйымдастырудың және өзін-өзі басқарудың қиындықтары болған жағдайда;

- мінез-құлықтық және эмоционалдық ерекшеліктерінің болуы.

Педагог-ассистент оқушының оқу үдерісіне қатысуын ұйымдастырады, бағыттайды, оқушыға оқу процесіне қосылуға көмектеседі, жағымсыз мінез-құлықты түзетеді, эмоционалды және мінез-құлықтық бұзылыстарының алдын алады.

Яғни, педагог-ассистент оқушы үшін жұмысты орындамауы керек, оның міндеті – баланың білім алуына және бәрін өз бетінше жасауға үйренуіне көмектесу. Жеке көмекші әрдайым оқушыға көрсетілетін қолдауды азайту үшін жұмыс істеуі керек, өйткені жеке қолдаудың негізгі және түпкі мақсаты-оқушының сынып пен мектептегі толық тәуелсіздігін қамтамасыз ету.

Қолдау инклюзивті білім берудің барлық кезеңдерінде жүзеге асырылады: "ерекше" баланың ерекшеліктері туралы кәсіби білімге ие бола отырып, кабинеттің мамандары білім беру ұйымдарында оның күшті жақтарына сүйене отырып және нақты мүмкіндіктерді ескере отырып, арнайы жағдайлар мен қолайлы атмосферасын жасауға көмектеседі; инклюзивті практиканы іске асыратын педагогтер мен мамандарға әдістемелік, практикалық және психологиялық қолдау көрсетеді; ерекше баланы қабылдаудың қолайлы атмосферасын құруға, сондай-ақ білім беру ұйымында инклюзивті мәдениетті қалыптастыруға көмек көрсетеді; ерекше баланы оқыту және әлеуметтендіру процесінде отбасына қолдау көрсетеді.

Ерекше бала келген білім беру ұйымында психолого-педагогикалық қолдау қызметі құрылады. Осы қолдау қызметіне кіретін мамандар тобы баланың оқу процесіне тиімді қатысуы үшін оның ерекшеліктерін, қажеттіліктерін, дағдылары мен іскерлігін, қызығушылықтары мен күшті жақтарын зерттейді.

Осы тұрғыда инклюзияның міндетті шарты ата-аналардың команда жұмысына белсенді қатысуы болып табылады. Ең алдымен, ата-аналар мұғалімдерді өз баласының ерекшеліктерімен таныстырады (бала не жақсы көреді, не қызықтырады, қалай қарым-қатынас жасайды, өзін-өзі күту дағдыларына ие, тез шаршайды, тамақтану, ұйқы, күнделікті өмір және т.б. ерекшеліктерімен).

Баланы оқыту процесінде олар үшін не маңызды екенін ата-аналар анықтайды, ал мұғалімдер, осыны ескере отырып, жеке даму және оқыту бағдарламасын жасайды. Сонымен қатар, үйде ата-аналар мектепте немесе балабақшада алған дағдылары мен дағдыларын қолдайды және дамытады, сабақтарға арналған көрнекі материалдар мен құралдарды өндіруге көмектеседі. Сондай-ақ білім беру процесінің барлық қатысушыларының ерекше қажеттіліктері бар балаларға оң көзқарасын қалыптастыруға бағытталған тренингтерге, семинарларға және сыныптан тыс іс-шараларға қатысады.

Соңғы жылдары бейімделген білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының базасында ресурстық орталықтарды құру неғұрлым сұранысқа ие болуда. Инклюзивті ресурстық орталық атауы кездейсоқ емес. Мұндағы кілт сөздердің бірі – ресурстық, яғни инклюзивті білім беруді жүзеге асыруға және дамытуға қажетті ғылыми-әдістемелік және ақпараттық деректер қоры кіреді. Инклюзивті білім беруді енгізу моделін ескере отырып, қажетті көмек түрін, көлемін, нақты тәсілін дұрыс анықтау аса маңызды. Осы жағдай, ресурстық орталықтардың білім ұйымдарымен үздіксіз байланыста болуын талап етеді. Бұл мақсаттағы ресурстық орталықтардың негізгі жұмыс бағыттарының бірі, орталыққа бекітілген әрбір білім ұйымының мәселелері мен сұраныстарын, нәтижелері мен жетістіктерін саралап, жүйелі түрде зерттеп отыру. Атап өтетін мәселе, ресурстық орталықтардың аймақтағы инклюзивті білім беруге жағдай жасаған мектептермен келісе отырып әрекет етуі, олардың жұмысын жүйеге келтіреді.

Осыған байланысты ресурстық орталықтардың алдына келесі міндеттер қойылады:

- педагог қызметкерлеріне инклюзивті білім беруді ұйымдастыруда оқытудың арнайы тәсілдері мен әдістерін меңгеруге әдістемелік көмек көрсету

- инклюзивті білім беруді ұйымдастыру кезінде нашар еститін, нашар көретін, тірек-қимыл аппаратының бұзылымы бар, ПДТ, ақыл-есі кем, аутистік спектрдің бұзылулары бар, күрделі ақаулары бар және басқа да білім алушылар үшін бейімделген негізгі жалпы білім беретін бағдарламалар бойынша оқу қызметін жүзеге асырудың теориялық және практикалық дағдыларын педагог қызметкерлердің алуы үшін жағдай жасау;

- бейімделген жалпы білім беру бағдарламалары бойынша жұмыс істейтін педагогтердің жеке тәжірибелері саласында, сондай-ақ инклюзивті білім беруді ұйымдастыру кезінде әлеуметтендіру және оңалту саласында әдістемелік сүйемелдеуді ұйымдастыру.

Жалпы алғанда, ресурстық орталық педагогтардың құзыреттілігін арттыру бағдарламасына сәйкес практикалық сабақтар (семинарлар, практикумдар) өткізу үшін база болып табылады. Ол ғылыми-практикалық конференциялар, шеберлік сыныптары, шығармашылық шеберханалар, озық педагогикалық тәжірибе мектептері және басқа да іс-шараларды қамтитын әлеуметтік-педагогикалық өзара іс-қимылдың әртүрлі нысандарын ұйымдастыру арқылы өзінің инновациялық тәжірибесінің таратуды қамтамасыз етеді. Ресурстық орталықтың функцияларын орындау орталықтардың базасында құрылған шығармашылық топтардың мамандарын, жалпы мектептердің практикасына арнайы білім беру дәстүрлерін қайта тарату нысандарын, әдістерін іздеуге әкеледі. Қазіргі уақытта бұл педагог-ассистент сүйемелдеуін қолдану арқылы мүмкін, оның негізгі мақсаттары жалпы білім беретін мектептердің педагогтерін өзгерістерге ынталандыру, педагогтердің жаңа қызметке даярлау процесін дараландыруды қамтамасыз ету, өнімді рефлексияны ұйымдастыру арқылы ішкі және сыртқы білім беру ресурстарын іздеуге жәрдемдесу болып табылады. Педагог-ассистенттердің басты мақсаты жалпы білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды жеке психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуді, білім беру ұйымдарында болған барлық уақыт ішінде, олардың дербес қызметі денсаулық жағдайы бойынша шектелген жағдайда, ұйымдастырылған оқу қызметі кезінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыға көмек көрсетеді [5, 53 бет].

Ресурстық орталықтың қызметі әр түрлі формада ұйымдастырылады: практикаға бағытталған семинарлар, мастер-кластар, конференциялар, веб-семинарлар, педагогикалық дәптерлер, жаңартулар, интернет-консультациялар және т.б. орталықтағы кез-келген жұмыс мұғалім практикалық қызметте қолдана алатын нақты өнімді алуды қамтиды. Мысалы, ресурстық орталық пен инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беретін мектеп мамандарының өзара іс-қимылының өнімі оқушының бейімделген білім беру бағдарламасының үзіндісі болады, бұл түзету сабақтарын жоспарлау, білім алушының өзімен де, оның ата-анасымен де жұмыс түрлерін таңдау үшін негіз болады. Осылайша, жұмыс бағыттары мен нәтижелерін зерделей отырып, инклюзивті білім беру ресурстық орталықтарына аймақтардағы инклюзивті білім беруді енгізудің озық үлгісін шоғырландырып, таратып, өрістетуші қызметін атқару ұсынылады, инклюзивті білім беру процесінде өзіне ұйымдастырушы және үйлестіруші міндетін алу тапсырылады. Ресурстық орталықтардың жұмыс бағыттарын нақтылау, инклюзивті білім беру процесін енгізуге қарқын беріп, инклюзивті оқытуды жүзеге асыратын білім ұйымдарындағы ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалармен оқу-тәрбие жұмыстарын реттеуге ықпал етеді. Осы жұмыстардың нәтижесінде, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың жалпы білім беру процесіне сәтті кіріктірілуін қамтамасыз ету үшін, білім ұйымының жұмысын үйлестіруде жүйелілік талап етіледі, себебі, тек қана барлық ілеспелі жұмыстардың үйлесімділігі ғана инклюзивті оқытуды өзіне біріктіре отырып, білім жүйесінің біртіндеп бір арнаға тоғысуына алып келеді.

Осы ашылып жатқан кабинеттер мен ресурстық орталықтар Қостанай облысының инклюзивті

білім беру процесін жүзеге асыру бойынша айтарлықтай маңызды рөл атқарып жатқаны сөзсіз. Бүгінгі күні ерекше балалар әлемін тереңірек танып, әлеуметтенуіне барлық жағдай жасау – біздің жұмысымыздың мәні. Осы жолда талмай ертелі-кеш жұмыс атқарып жатқан барлық мамандарға үлкен алғыс білдіре отырып, олардың ауыр да, игілікті еңбектеріне табыс тілеймін!

### Әдебиеттер тізімі

1. **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Қазақстан Республикасының Заңы 2021 жылғы 26 маусымдағы № 56-VII ҚРЗ
2. **«Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020 – 2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 988 қаулысы
3. **«Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру үдерісіне енгізу үлгілерін дайындау»** Әдістемелік ұсыныстар.– Астана: Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА, 2015. – 48 с.
4. **«Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттарын және педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген адамдар лауазымдарының тізбесін бекіту туралы»** Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 3 маусымдағы № 346 қаулысы.
5. **«Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету»** Әдістемелік ұсынымдар. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2015. – 80 б.

ӨОЖ 711.7

### ҚАШЫҚТЫҚТАН БІЛІМ БЕРУ САЛАСЫНДАҒЫ ПРОБЛЕМАЛАР

**Абдирова М. А.** – ағылшын тілі пәні мұғалімі, №2 жалпы білім беретін мектеп Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы.

*Коронавирус пандемиясының салдарынан білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырауда, ал соңғы жылдары елде цифрландыру бойынша жүргізіліп жатқан реформа сапаға сыналуда. Егер жоғары білім беру аясында қашықтықтан оқыту форматы жаңалық болмаса, онда мектеп білімі қысқа мерзімде мұндай жаңа режимге техникалық көшуге дайын болмады, сол кезде мұғалімдер тележүргізушілердің рөліне «үйреніп», ал мектеп оқушылары ата-аналарымен бірге жаңа білім беру Интернет-платформалары мен ресурстарының ыңғайлылығын игеруге мәжбүр болды. Бұл тұрғыда білім беру процесінің барлық қатысушылары: мұғалімдер, оқушылар, олардың ата-аналары, сондай-ақ билік құрылымдары тап болған негізгі қиындықтарды бөліп көрсетуге болады. Мақалада қашықтықтан білім беру ұғымы және осы саладағы проблемалар қарастырылған.*

*Кілт сөздер: қашықтықтан білім беру, проблема, оқу процесі, интернет, оқыту жүйесі, негізгі қиындықтар, оқытушы, оқушы.*

2020 жылдың сәуір айында бүкіл ел бойынша онлайн сынақ сабақтарын өткізу қорытындысы бойынша ҚР БҒМ сымсыз желінің шамадан тыс жүктелуі және бүкіл ел бойынша екі жарым миллион баланың тікелей эфирге шығуы үшін интернеттің үздіксіз жұмысын қамтамасыз етудің мүмкін еместігі себебінен онлайн стриминг режимінде оқытудан бас тарту туралы шешім қабылдады. Оның орнына, Қазақстанның Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов атап өткендей, педагогтарға мессенджерлерді, электрондық поштаны және арнайы электрондық бағдарламаларды пайдалануға көбірек мүмкіндік беру қажет. Шалғайдағы қазақстандық кенттердің оқушылары үшін міндетті дезинфекциямен және үй-жайларды желдетумен сүйемелденетін оқытудың екі ауысымымен сабақтарға штаттық режимде қатысуды сақтау жоспарланған болатын.

Қашықтықтан оқытудың көптеген аспектілерін ашатын анықтамалардың бірінде: «қашықтықтан оқыту – бұл оқытушыға немесе оқу орнына назар аудармау үшін студенттердің жеке қажеттіліктеріне негізделген әдістеме. Оқушы соншалықты шоғырланған, ол қайда, қалай оқитынын бақылайды. Бұл мұғалімнің рөлін білім беру бастамасынан бастап оқыту менеджеріне ауыстырады. Осы білім беру жүйесіне қол жеткізу үшін қашықтықтан оқыту әдістері мен жаңа ақпараттық технологиялардың артықшылықтары пайдаланылады».

Елдің табысты әлеуметтік-экономикалық дамуы білім беру жүйесінде белгілі бір өзгерістерді, атап айтқанда, таңдалған бағытта күрделі және күрделі міндеттерді шешуге қабілетті жоғары білікті